

## 2009 жылы халықты еңбекпен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 19 қаңтардағы N 18 қаулысы. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 ақпанда N 57 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 17 ақпандағы N 26/1-28/73 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2011.02.17 N 26/1-28/73 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-І бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қауылысына сәйкес халықтың әлеуметтік қорғалмаған санаттарынан шыққан жұмыссыздарды еңбекпен қамтуға көмектесу және әлеуметтік қорғау мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі Н ұ с қ а у л ы қ .

2. Халықтың нысаналы топтарының құрамына енетін тұлғалардың тізбесі, қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, нысаналы басымды бағыттарды қамтамасыз ететін мекемелер, кәсіпорындар және ұйымдармен әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға арналған келісімшарттар жасасын.

4. "Ақтоғай ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі 002 "Халықты еңбекпен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" бағдарламасы бойынша, аудандық бюджетте 2009 жылы бекітілген қаржы көлемінде қаржыландыруды қамтамасыз етілсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. З. Ысқақоваға міндеттелсін.

Аудан әкімі

М. Көбенов

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

2009

ж ы л ғ ы

19

қ а ң т а р д а ғ ы

№

18

қаулысына қосымша

## **Ақтоғай ауданы бойынша халықтың нысаналы топтарының тізбесі**

1. 50 жастан асқандар.

2. Отбасында Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен анықталған тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдары бар азаматтар.

3. Табысы аз адамдар, отбасында бірде-бір жұмыс істейтін адамы жоқ жұмыссыздар.

4. Ұзақ емделуді қажет ететін ауруға шалдыққандары бар отбасы мүшелері.

5. Көп балалы отбасылардың жұмыссыз ата-аналары.

6. Мүгедек балалар бар отбасы мүшелері.

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

2009

ж ы л ғ ы

19

қ а ң т а р

№

18

қаулысымен бекітілді

## **Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру Нұсқаулығы**

Осы Нұсқаулық халықтың нысаналы топтарынан шыққан жұмыссыздарды еңбекке орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін анықтайды, әлеуметтік жұмыс орындарын беретін ұйымдармен (меншік нысанына қарамастан) негізгі есеп айырысу жүйесі мен шарттарын реттеп отырады.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулықта пайдаланылған негізгі түсініктер:

1) Әлеуметтік жұмыс орны – жұмыс берушінің шығындарының бір бөлігін толықтыруға халықтың нысаналы тобынан шыққан жұмыссыз адамдарды еңбекке орналастыру үшін жұмыс берушілер жергілікті атқарушы органмен шартқа отыру негізімен құрылған жұмыс орны;

2) Нысаналы топтар дегеніміз – Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңымен белгіленген еңбекке орналасуда қиындық көріп жүрген әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдардың топтары.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек туралы, зейнеткерлік және қамсыздандыру актілерінің күші жүреді.

3. Жұмыссыздардың әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілуін қадағалау келісім бойынша аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жүзеге асырады.

## **2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және оған жұмыссыздарды еңбекке орналастыру тәртібі**

4. Әлеуметтік жұмыс орындары халықтың нысаналы топтарынан шыққан жұмыссыздар үшін 6 айға дейін мерзімге "Ақтоғай жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен кәсіпорындар, ұйымдар, шаруа қожалықтары, жеке кәсіпкерлер арасында келісім шарттар бойынша арнайы ұйымдастырылады.

5. Әлеуметтік жұмыс орындарын халықтың нысаналы топтарына жататын жұмыссыздарды еңбекке орналастыру үшін жұмысқа қабылданғандарды еңбегіне ақы төлеудің бір бөлігін аудан бюджеті қаржысынан төлеу шартымен кәсіпорындар, ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер ұсынады.

6. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын немесе құратын кәсіпорындар, ұйымдармен жеке кәсіпкерлер тізбесі, әлеуметтік жұмыс орындардың мерзімдері, қаржыландыру шарттары аудан әкімдігінің қаулысымен анықталады.

7. Кәсіпорындарды тандап алу кезінде әлеуметтік жұмыс орынына қабылданған жұмыссыздарды алдағы уақытта тұрақты еңбекке орналастыру кепілдігі кәсіпорындар мен ұйымдарға таңдау басымдылығы беріледі.

8. Кәсіпорындар, ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер жұмыссыздарды еңбекке қабылдаған мерзімнен бастап уәкелетті органнан жұмыссыз есебінен шығарылады.

9. Әлеуметтік жұмыс орнына қабылданған қызметкерлердің санын жұмыс беруші тағайындайды, ол Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленеді.

## **3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері мен шарттары**

10. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері, жұмыс берушілермен жергілікті бюджет қаржысы.

11. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру жергілікті бюджеттен 002 "Еңбекпен қамту бағдарламасының" 102 "Халықты еңбекпен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар" бағдарламасы

б о й ы н ш а

і с к е

а с ы р ы л а д ы .

12. Еңбекпен қамту мәселесі бойынша уәкілетті орган әлеуметтік жұмыс орынына қабылдаған жұмыс беруші мен қызметкер жалақысының бір бөлігін аудан бюджеті қаржысы есебінен жабу жөнінде келісім шарт жасайды.

13. Әлеуметтік жұмыс орынына жұмысқа орналыстырылған жұмыссыздар еңбегін төлеуге кеткен жұмыс берушінің шығындарының 50 пайызы мөлшері жергілікті бюджет қаржысынан төленеді, бірақ ол Республика көлеміндегі ең төменгі жалақыдан кем болмауға тиіс. әлеуметтік жұмыс орынына қабылданған қызметкердің еңбек ақысын төлеудің бір бөлігіне өтемақыға кеткен бюджет қаржысы жұмыс берушінің есеп айырысу есеп шотына аударылады.

#### **4. Әлеуметтік жұмыс орынын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібіне бақылау жасау**

14. Әлеуметтік жұмыс орынын ұйымдастыру мен қаржыландыру Ережелерінің сақталуына бақылауды мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен іске асырады.